ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2024 жылғы 23 ақпан №7119-24-00-2/1236 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Морозов» Морозов Максим Евгеньевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Морозов» Морозов Максим Евгеньевичке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Морозов» Морозов Максим Евгеньевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Морозов» Морозов Максим Евгеньевичтен Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1 890 теңге мөлшерінде

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 23.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Бакишев А. Б., 24.04.2024
7119-24-3-1/841

тұрақсыздық айыбы, 513 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыны және 400 теңге мөлшерінде банк комиссиясын төлеу бойынша шығыны, барлығы 2 803 (екі мың сегіз жүз үш) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Морозов» Морозов Максим Евгеньевичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 23.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Бакишев А. Б., 24.04.2024
7119-24-3-1/841